

Орталық Қазақстан

4 ақпан 2012ж.

Қазақ шекарасы үшін күрес

Жамбыл АРТЫҚБАЕВ,
профессор.

Біздің ата-бабаларымызға туған жерден қымбат не бар еді? Қазақтың қоғамдық өмірі ерте замандардан бері жерге меншіктен басталғанын «жер дауы, жесір дауы» деген сөздері растап тұр, яғни этнос үшін жер – материалдық өмірдің негізгі қайнар көзі, дәулет болса, жесір – от басы, әлеуметтік тұрмыстың нысаны, құндылығы. Қазақтың атақты шежірешісі М.Көпейұлының «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабында «...ата-бабам қалмақтан не үшін қырылды? Кейінгі үрім-бұтағыма жер-су алып беремін деп қырылды. Жалғыз менің ата-бабам емес, жер-суға таласып, көп қазақ қырғын тапты. Сол себепті бұл Сарыарқа біздің қазаққа «атасының құны» болып, олжа болып еді. Атамның құны болғаны үшін, жер-судан айрылып, қаңғып, қоныссыз жүргеніме ішім күйіп, өлсем ойымнан кетер емес» деген сөздер бар. Қазақтың туған жерімен тарихи, әлеуметтік, рухани байланысының қағазға түскен түрі. Адам баласының сөздік қоры, оның зиыны жер мен адам арасындағы қарым-қатынастарды толық сипаттап беруге жетімсіз, бұл мәселені трансцендентті тұрғыдан ғана қиялмен елестетуге болады.

Патша заманындағы Ресейдің этнографтары өз еңбектерінде қазаққа қатысты әр түрлі көңілге қонымды және қонымсыз пікірлерді жазады, бірақ, олар да қазақтың туған жерге деген махаббаты күштілігін бір ауыздан мойындайды.

Көне замандардан бастап, 1867-1868 жылдары қазақ «штат» атап кеткен «Уақытша ереже» қазақ жерін Ресей империясының меншігі деп жариялағанға дейінгі уақыт аралығында қазақтың жерге деген көзқарасы баланың анаға деген сезімімен ғана салыстыруға болатын жағдайда. Одан кейін Кеңес үкіметі орнағанға дейінгі қазақтың жағдайын нөқтаға көндікпеген жылқымен салыстыруға келеді, яғни ол өзінің жер иесі, қожайындығын ұмытқан жоқ. Халқымыздың бағына осы кезеңде қазақ жастарының арасынан халықтың мұң-мұқтажын жоқтайтын, күресетін бір шоғыр шықты. Бұлар нөқтадағы халықтың ішінен өсіп шықты, бірақ Еуропаша білім алды, дұшпанның тілін меңгерді, оның осал жақтарын айыра білді. XX ғасырдың басында қазақтың «Алаш» төңірегіндегі азаматтарының жер мәселесіне араласпағаны жоқ, олардың ішінде Әлихан Бөкейхановтың орны ерекше.

1917 жылғы дүбәра жағдайда орыс қоғамындағы түрлі күштердің өзара күресі бірін-бірі ала алмаған жыртқыштарды еске түсіреді. Бір топтар патшалық билікті жақтады, екінші бір топтар Еуропаның жолымен жүргісі келді. Ақыр соңында әлемдік пролетарлық революция жасаймыз деп тыраштанған большевиктермен бірге орыстың жүздеген жылдар бойы басыбайлылықтың зарын тартқан мұжығынан шыққан люмпен топтар білек сыбанып қоғамдық өмірге енді. Қазаққа және Ресей империясында бұратана жағдайда жүрген халықтарға бұрын-соңды болмаған, түсінде де елестетуге қорқатын қараңғы зұлмат өмір солармен бірге келді. Әпербақан большевиктік ұлттық саясатқа қарамастан, қазақтың қазіргі мемлекеттік шекарасының жалпы нобайы осы жылдары заңдастырылды және мойындалды. Осы шаруаны атқарған адам – оттай жалындаған 29 жасар Әлімхан Әбеуұлы Еркеков болатын.

Әлімхан Еркеков 1891 жылы бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезінің Темірші болысында, Қызыларай тауларының баурайында туған. Бұл академик Әлкей Марғұлан зерттеген қола заманының Беғазы патша қорымдарына жақын, көне дәуірдегі кен орындары мен протоқалалар арасында орналасқан ғажайып қоныс, XIX ғасырдың ортасынан бастап Ресейдің Попов сияқты кен іздеуші кәсіпкерлерін де қызықтырған. Патша чиновниктері мен кәсіпкерлерінің сұрқия саясатынан қазақтың күн көріп отырған жерлерін сақтап қалу үшін күресті кезінде Әлімханның атасы Еркек пен әкесі Әбеу де

жүргізді. Бұлар өз заманының озық ойлы, ел сыйлаған қадірлі азаматтары болғаны белгілі, сонымен қатар қазақтың мүддесін қорғаудың бір ғана жолы барын ерте түсінгені де анық. Әкесі Әбеудің сегіз жасар ұлы Әлімханды Қарқаралыдағы екі сатылы реальный училищеге апарып түсіруі де осыған байланысты. Ресейге күні түскен бодан елдің азаматтарына орыстың білімі мен тілі керек болды. Оны аяқтағаннан кейін Әлімхан 1905 жылы Семейдің ер балалар гимназиясына түсіп, 1912 жылы алтын медальмен бітірді. Ол кезде орыс тілді гимназияларда оқитын қазақ балалары сирек еді. Әлімхан бірнеше ұлттың балалары тайталас оқыған, орысы басым оқушылар ішінде жеке-дара тұлға болды. Семей – ол кезеңде қыр өңіріндегі ең үлкен қалалық мекен, алдыңғы қатарлы мәдениет пен қайнаған саяси өмірдің орталығы болатын. Әлімханның ұстаздары – Әбікей Сәтбаев, Имам Әлімбеков, Сабыржан Ғаббасов, ағайынды Белослюдовтер де мықты болатын. Оның қазақ мүддесін терең түсінген, қайраткер қарымы осы кезде көріне бастады. Ресей Мемлекеттік Думасына делегат сайлауға байланысты жиындарға қатысып, «Думаға делегат етіп алдарына табақ тартқандарды емес, халық қамын ойлайтын, мұң-мұқтажын айта алатын адамдарды сайлау керек» дейтіні де осы кезең. Құдайға шүкір, қазақтың намысын, мүддесін ту етіп көтеріп «Алыспаған-жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды, ері құлдықтан, әйелі күндіктен шықпайды, малына да, басына ие бола алмайды» деп ұрандаған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов сияқты ағалары осы кезде қазақтың жас азаматтарына үлгі болды, алға бастады.

Әкесі қайтыс болған, қаражат жағынан қиыншылық көре бастаған Әлімхан Ермеков Санкт-Петербург университетіне конкурстық түсуге мүмкіндігі болып тұрса да, Сібірдің ең ірі оқу-білім ошағы Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін таңдады. Томскіде Ә.Ермеков кәсіби біліммен қоса сібірлік ұлы тұлғалар Н.Ядринцев, Г.Потанин, В.Шашков, т.б. ғұламалар арқасында тамаша гуманитарлық дайындықтан өтті. Біз соңғы кезеңде Шоқанның құрдасы, жан аяспас, пікірлес досы болған Г.Н.Потанин туралы бірді-екілі жазып жүрміз, ал «Сибирь – как колония» аталатын еңбегімен патша үкіметінің ұлт саясатына және Сібірді қанауына қарсы шыққан Н.Ядринцев аты да қазақ зиялы қауымының назарында болуы керек. Оның «целью образования должно быть: внушение любви к своему племени, к судьбе его, а не стремление оттолкнуть его от прежней семьи, вырвать его и предоставить массам ту же нищету, несчастье и вымирание» деген сөздері құнды аксиома есебінде біздің педагогика ғылымында ескеріліп отырғаны жөн.

Әлімхан Ермековтің 1930-1932 жылдары қазақ зиялы қауымының өкілдерімен ОГПУ-дің ішкі түрмесінде отырғаны жұртшылыққа мәлім. Бұл Кеңес үкіметінің қазақ азаматтарын жаппай қырып-жоюды бастаған уақыты еді. Екі жыл түрмеде отырған Ә.Ермеков бұл жолы «Ашық хат» жазып, өзінің ұлтшылдығын мойындап, аман шықты. Әлімханның хаты, астарлап оқысаң, тамаша дерек, ол большевиктер жүргізген, қазақ байларын кәмпескелеу, отырықшыландыру және ұжымдастыру саясатына өзінің қарсы шыққанын, себебі, төңкеріс (социалистік реконструкция) халықтың шаруа қорын шайқайтынын, құрбандыққа әкелетінін алдын ала білгендігін жазады «Мен студенттік жылдарымда Ядринцев, Потанин пікірлері бойынша тәрбиеленген едім. Сібірдің төңкерісшіл жазушылары артта қалған елдердің тағдырына жаны ашып, көңіл бөліп, мұндай елдер капиталды құрылыс уақытында болатын шаруа тұрмысындағы өзгерістерге шыдамайды, көтере алмайды деуші еді».

Томскіде студент кезінде жинақтаған білім, ғұламалардан алған кеңес Ә.Ермековке 1917-1920 жылдары қазақ жерінің шекарасын белгілеу үшін жүргізген күресінде де мықты негіз болды. Көп зерттеушілер қазақ шекарасы туралы әңгімені тек 1920 жылғы Кремльдегі тамыз келіссөздерімен ғана байланыстырады, ал шын мәнінде бұл мәселе 1917 жылғы сәуірдің 27-нен мамырдың 7-не дейінгі аралықта Семей қаласында өткен қазақ съезінің «Автономия және өзін-өзі басқару» туралы қарарынан басталады. Осы съездің алдында ғана Томскідегі оқуын үзіп, Сібір оқу орындарында оқып жүрген қазақ жастарын

соңына ертіп келген Ә.Ермеков ұйымдастыру жұмысына да, хатшы ретінде съезді жүргізуге де, қарарларды дайындауға да қатысты.

Облыстық қазақ съездерінің қарарлары негізінде 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен бірінші жалпықазақтық съезд Қазақ ұлттық-территориялық автономиясын құру туралы шешімге келді. Бұл Ә.Ермековтің 1930 жылы ОГПУ тергеушілеріне берген мәлімдемесінде де бар (Өскембаев Қ., Ә.Ермековтің қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі. 1891-1970 жж. Қарағанды, 2003). Бірінші қазақ съезінің басты шешімдерінің бірі жер мәселесіне қатысты болды, оның басты ережелері – қазақ халқы өзіне еншілі жерге орналасып болғанға дейін қазақ жері ешкімге берілмейді, қазақ пайдасынан алынып кеткен жер учаскелері, қазына-мүлкі, аталып келген тоғайлықтар қазақтардың өзіне қайтарылады..., т.б.

Бірінші жалпықазақтық съезд Ресейде жоспарланған «Учредительное собрание» қазақ халқының атынан 81 адамның тізімін ұсынды, оның ішінде 26 жасар Ә.Ермеков те болды. Екінші жалпықазақтық съезд 1917 жылдың 5-12 желтоқсаны арасында, Орынбор қаласында, қазақтың саясатқа көзі ашық және белсенді азаматтары түгелге жақын қатысуымен өтті. Екі съезд аралығында земство басшыларының бірі ретінде ел ішінде де, Сібір орыстарымен келісім сөздерде де бірталай шаруалар атқарған Әлімхан Алаш автономиясын құру туралы декларациядан нақты іс-әрекеттерге көше бастады, ол үкімет және басқару жүйесін қалыптастыру, ұлт кеңесі, оқу-ағарту, қазына, муфтилік, сот, милиция, азық-түлік, т.б.

Осы съезде Алаш автономиясының шекарасы нақты айқындалды. «Бөкей даласы, Орал, Торғай, Жетісу, Семей, Сырдария облыстарының, Ферғана, Самарқанд облыстарының қазақ уездері, Закаспий облысы мен Алтай губерниясының қазақтар мекендеген аудандары еруге тиіс. Тегі бір, мәдениеті, тарихы және тілі бір қазақ халқы басым тұтас аумағынан территориялық автономия құрылсын» деген шешім съездің ең басты жетістігінің бірі. Осы аумақты мекендеген қазақтан өзге азшылықтарға этнос өкілдеріне құқықтық кепілдіктер береді, Алаш мекемелерінде пропорционалды тұрғыдан, өзге этнос өкілдері де қатысатын болады.

Алаш Орда азаматтары автономия құру мәселесімен азамат соғысының ауыр жылдарында да шұғылданды. Оның ақ гвардия құрамындағы Дутов және Колчак үкіметтерімен, Комучпен, Башқұрт үкіметімен одақтасуын басқаша түсіндіру қиын. Бірақ ақ гвардия құрамындағы монархистер мен шовинистер Алашты мойындамай, оның еншілі жерін бір тудың астына жинауына мүмкіндік бермеді. Алаш азаматтарына автономияны мойындайтын одақтас керек еді. 1918 жылы 19-21 наурызда Ә.Бөкейхановтың тапсырмасымен телеграф арқылы Мәскеудегі Ленинмен және Сталинмен сөйлескен Ә.Ермеков пен Х.Ғаббасов большевиктердің алдына ең басты мәселені қойды, ол қазақтың территориялық тұтастығын тану, автономия есебінде өмір сүруін қолдау. Бұл келіссөздер 1918 жылдың мамыр айына дейін жалғасты және қазақтың ата қонысында өздерін өздері билеу құқығының іске асырылуын талап ету тұрғысында болды. Большевиктер болса, өздерінің революция алдындағы әр ұлтқа бостандық беру (самоопределение нации) туралы уағдаларынан танып кете алмай, ал шын мәнінде ұлан-байтақ отарларды да сақтап қалғысы келіп, әңгіме созыла берді.

Жан-жақтан жау қысқан кезде, азамат соғысының жалынына оранған Ресей билігін қолдарына алған большевиктер алғашқы кезде уәдені қарша боратты, осының негізінде алдымен Түркістан автономиялық республикасы құрылып, оның құрамына бұрынғы Түркістан генерал-губернаторлығына қараған Жетісу мен Сырдария облыстары өтіп кетті. Қазақ автономиясы кешеуілдей берді, Еділ бойы майдан даласына айналып, азамат соғысының өрши түскені себепті, алғашқы келіссөздер нәтижесіз аяқталды. Уақытты текке жоғалтпай, бейбіт елді аман сақтауды көздеген Алаш кеменгерлері «Әскери Кеңес» құрды және оның құрылуына Ә.Ермековтің қатысы болды. Алаш полктерінің құрылу тарихы, олардың соғыс майдандарындағы қызметі Д.Аманжолованың соңғы кездегі еңбектерінде бірталай жазылып жүр. С.Сейфулиннің «Тар жол, тайғақ кешуінде» де Ә.Бө-

кейханов пен Ә.Ермековтің Самара қаласында Комуч басшылығынан үш мың солдаттың қару-жарағы мен киім-кешегін алғаны жазылған. Томск қаласының архивінде сақталған деректерде бұл келісім сөздерге Алаш әскер бөлімінің меңгерушісі капитан Қ.Тоқтамысовтың да қатысқаны айтылады.

Көп ұзамай азамат соғысының барысында Дутов жеңілді, Самарада орналасқан Комуч тарады, большевиктерге қарсы күштер Колчак маңында топтасты да ақыры 1918 жылы қарашада «Сібір үкіметі» аталатын монархиялық бағыттағы диктатура орнады. Ол бірден Алаш үкіметін тарату және барлық билікті, іс қағаздарын қалалық басқармаларға беру туралы жарлық шығарды. Колчак үкіметі онымен де шектеліп қойған жоқ, бұрынғы патша армиясының монархиялық пиғылдағы әскерилері Алаш қайраткерлерін қуғындай бастады. Бұл офицерлердің ішінде әсіресе, 1916 жылғы Орталық Азия халықтарының қозғалысын қанмен тұншықтырғандар болды. Осы кезеңдегі ауыр ахуалды атақты башқұрт қайраткері Заки Валиди өте нақты суреттейді және Колчактың кесірінен ортақ майдан ыдырап, қазақтар мен башқұрттар Кеңеспен қайта келісім сөзге баруға мәжбүр болғанын көрсетеді: «из за свары между белыми генералами и их враждебности...ухудшение наших дел было неизбежным. В связи с этим переговоры с Советами надо было начинать незамедлительно».

1919 жылдың ақпан айында Алаш әскері Орынбор түбінен шегініп, Алаш басшылары Кеңес үкіметімен келіссөздерін бастады. Заки Валиди башқұрт әскерін бастап, амал жоқ, Кеңес үкіметін мойындады. Оның естеліктерін оқу да ауыр: «приветствуя солдат, я с трудом сдерживал слезы. Многие солдаты плакали. Когда переход закончился я зарыдал навзрыд...Мы пожертвовали идеалами свободы и демократии, мы отдали их в руки Таболиных, Колесовых, склонили головы перед врагами, с которыми боролись с таким упорством...».

Мәскеуге Орынбордан Ахмет Байтұрсынов бастаған қазақ, Заки Валиди бастаған башқұрт делегациялары бірге аттанды. Бұлар ол кезде Лениннің әр ұлт өз тағдырын өзі шешеді, федерациялық мемлекет құрамыз дегеніне үміт артып еді. Осының артынша башқұрттарды Ресейдің губерниясы ретінде тану туралы шешім шығып, Заки Валиди бірден Кремльге өкпелеп, большевиктерге қарсы Орта Азиядағы «басмашы» қозғалысына араласып кетті де, қазақ тағдыры 1920 жылдың тамыз айына дейін бір тоқтамға келмей қойды. Ол кезеңде қазақ даласын басқаратын «Әскери –революциялық комитет» (ВРК) құрылды, оның құрамына Алаш қайраткерлері де енді, бірақ қазақ жерін бір тудың астына жинау кешеуілдей берді. Қазақтың өкілеттілігі де қаншалықта дәрежеде танылатыны белгісіз болды. Осы мәселелердің барлығы 1920 жылғы тамызда Мәскеуде өткен келіссөздер барысында шешілді.

Алаш үкіметі таратылғаннан кейін де қазақ азаматтары кеңес жүйесін пайдаланып, Қазақ автономиясы мен оның жерінің тұтастығы үшін күресін жалғастыра берді. Бір жағынан бұған Кеңес үкіметінің алғашқы уақытта Қазақстанды басқаруға Алаштың қалыптаса бастаған тәжірибесін және мамандарын пайдалану саясаты да әсер етті. Шын мәнінде қазақтың іске татыр азаматтарының бәрі де Алаш маңына топтасқан еді, Кеңес үкіметі олармен амал жоқ санасуға мәжбүр болды. Бұған Сталиннің «Мен А.Байтұрсыновты біздің жақтасымыз немесе революционер-коммунист деп есептемеймін, дегенмен, оның ревкомда болуы қажет...» деген сөздері де куә. А.Байтұрсынов өз кезегінде Алаш азаматтарын Орынборда жаңа құрылған ревкомға тартуға бар күшін салды. Осылайша, Сибревком қарамағынан әлі шыға алмай жүрген Семей губкомынан 1920 жылдың 3 сәуірінде Әлімхан Ермеков Қырғыз (Қазақ) әскер-революциялық комитетінің қарамағына қызметке шақырылды.

Орынбор әскери трибуналмен қорқытқан соң ғана Семей губкомы Әлімхан Ермековті босатады. Ең бастысы, Семейдегі қызметінен әлі босамаған Әлімхан Қырғыз(қазақ) ревкомының тапсырмасымен Омбыда Сибревком алдында «Семей губерниясындағы жалпы жағдай және қазақтар» деген баяндама оқиды. Осының алдында Ә.Ермековтің Керекуге барып, уездік ревком жанынан Қазақ бөлімін ашуы, оған

Ахметолла Барлыбаевты сайлауды ұйымдастыруы, т.б. қызметтері Алаш азаматтарының солтүстік шекара мәселесіне қатты алаңдаулы болғандығын және осы шаруаға жауаптылықты Ә.Ермековтің мойнына алғандығын көрсетеді. Ә.Ермековтің шекара мәселесіне қатысты шақырылғаны Қырғыз (Қазақ) әскери-революциялық комитетінің 1920 жылдың маусымында РКФСР Ұлт істері Халық комиссариатына Қырғыз (Қазақ) Кеңестік автономиясын құру туралы жобаға байланысты «Қырғыз (Қазақ) өлкесінің территориясы мен шекарасы» деген құжатты ұсынуынан-ақ білінеді. Бұл құжатқа бірден қарсы пікірлер айтыла бастады және жоғарыдағылар Қазақ республикасына Орал облысының Гурьев, Іл-бішін және Орал уездерін, Торғай облысының Қостанай уезін, Ақмола облысының Петропавл, Омбы, Көкшетау уездерін қосуға үзілді-кесілді қарсы шықты. Ә.Ермеков болса 1917 жылғы екінші жалпықазақ съезінің шешімдерінде көрсетілгендей қазақ елінің автономия болуын және шекарасын белгілеуді жаңа жағдайда жүзеге асыруы керек болды. Бұл кезеңде ұлт көсемдері есебінде танылып қалған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Досмұхаммедов, М.Тынышпаев т.б. азаматтарға қарағанда большевиктерге Ә.Ермеков жас саналатын және саяси сахнада бірінші рөлде көрінген жоқ болатын. Менің ойымша, Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов Кеңес қарамағындағы Қазақ автономиясы және оның жер шекарасын белгілеу үшін күреске Әлімханды осы мәселелердің бәрін есептей келе қосты және оған барлық жағынан ақыл-кеңесін беріп, демеп отырды.

Ә.Ермековтің 1920 жылы 17 тамызда Мәскеуде жасаған «Қазақ АКСР-нің жалпы жағдайы және оның шекара мәселелері» баяндамасы осылайша, бір-екі жылға созылған күрес барысында дайындалды және Алаш зиялы қауымның негізгі ұстанымын айшықтады. Алаш арқылы бұл талап қазақтың «елім» деген азаматтарының бәріне тарады, кейін Кеңес орнығып, қазақ зиялы қауымы қуғын-сүргінге ұшырағаннан кейін де жалпы халықтың басты мүддесі, құндылық ретінде өмір сүре берді.

Қырғыз (Қазақ) автономиясын құру, оны басқару және шекарасын белгілеу туралы кеңес 1920 жылы 9-10 тамызда басталады. Қырғыз (Қазақ) ревкомынан С.Пестковский, Ә.Жанкелдин, А.Кулаков, А.Мырзағалиев, Ә.Әлібеков, П.Петровский, т.б., РКФСР Ұлт істері Халық Комиссариаты төрағасының орынбасары М.Сұлтанғалиев, Түріккомиссиядан Г.Сафаров, т.б., Сибревком, Омбы, Астрахан, Челябин, т.б. облыс басшылары қатысқан ірі жиын тиянақты шешімге әкелмеді. Бірақ, Әлімхан Ермеков Астрахан, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Закаспий (Маңғышлақ), Самарқан, Ферғана облыстарына қарайтын жерлерден қазағы басым, яғни 5,5 миллион қазақ мекендеген 3467922 шаршы шақырым жерді Қазақ республикасының құрамына беру қажеттілігін дәлелдеді. 12-14 тамызда болған мәжіліс те нәтиже бермейді. Ең соңында әбден ашынып алған екі жақ әңгімені В.Лениннің өзі қатысқан, БОАК пен ХКК-нің 17 тамыздағы біріккен отырысында талқыға салуға келісті. Әлімхан Ермеков Қазақ мемлекетінің тағдырын шешкен, оның шекара-мекенін анықтаған осы отырыста негізгі баяндама жасады. Ол өзінің естеліктерінде «Каспий теңізінің теріскей жағасындағы, ұзындығы 70-80 шақырымға, Нарын құмына дейін созылған, шаруашылыққа тиімді шығанақ-бұғаздары орыс помещиктеріне, алпауыттарына әперілген, басқаша айтқанда, П.Столыпиннің Мемлекеттік Думада «Қазақ жерін игеру» деуінен кейін «Миллионный фонд» деп аталған өңірді және Ертістің қазақ жерінде ағатын өне бойының екі жағын, он шақырымнан қатарластыра кесіп алып, сібірлік казак-орыстарға тартып әперген жерлерді болашақ Қазақ республикасына қосу керектігін мен айттым» дейді.

Бұл мәселені бізге жазу оңай, ал шын мәнінде Ә.Ермековтің аузынан осы талап шығысымен-ақ В.Лениннің алдында қызу пікірталас басталып кетті. Большевик көсемдер Ш.Әлиава, Н.Брюханов, Н.Крестинский сөзбен қарсы болса, қазаққа өктемдік жүргізіп қалған шекаралас Астрахан мен Сібір басшылары Әлімханның жағасына жармасты. Ә.Ермеков болса В.Ленинге: «біз жеке республика болғанымызбен, федерациядан шығып баратқан жоқпыз, орталыққа біз де көмектесеміз», деп өзіне одақтас тапты. Ақыры басқа уәжі таусылған В.Ленин «жергілікті аймақтарда қай халық көп болса, жер соған берілсін» деп, Әлімханды жақтап шықты. Оның үстіне қазақ жерінің түкпір-түкпірінен қазақ

жерінің бір тұтастығын талап еткен хаттар Кремльге ағылды. Осы шешімнен кейін Қазақ автономиясы туралы декрет дайындау, оның ережелері мен шарттары ғажап жылдамдықпен жүрді. Осы тұста ғұн Мөде ханның «жер – мемлекеттің негізі» деген қанатты сөзі еске түседі, жер мәселесі шешілгеннен кейін, мемлекет құру туралы құжат дайындау техникалық шаруа болатын. Осылай, 1920 жылдың 26 тамызында Қазақ автономиялық мемлекеті дүниеге келді. Бұл ғажайып һәм ұлы жеңіс болатын, егер қазақ азаматтары ауыртпашылыққа толы 1919-1920 жылдарда күреспесе, біз ұлан-байтақ қазақ жеріне иелік жасай алмай қалар едік. Егер бір-екі жыл кешіксек, 1923 жылғы Сталиндік бетбұрысқа түсіп, саяси-территориялық жағдайымыз да басқаша қалыптасар ма еді, кім білсін?Тарихшы есебінде, 1920 жылғы шекара белгілеу күресін ұлттық мемлекеттің ұлы кезеңдерінің бірі деп бағалау жөн деп есептеймін. Ал осы шаруаға Алаш атынан жауапты болған, жалындаған жас Әлімхан – қай заманда болмасын, қазақ саяси элитасына, әсіресе, елім-жерім, мемлекетім деген жас азаматтарға үлгі боларлық тұлға.